

**Ақтөбе қаласындағы «№ 19 орта мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша әлеуметтік педагогтардың атқарылған жұмыстарына талдауы**

2021-2022 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтер жұмыс жоспарын жасап бекітілді. 2021-2022 оқу жылына мектептегі әлеуметтік педагогтың алдына қойған негізгі **мақсаты:**

Оқушыларға тәрбие мен білім беру, оларды әлеуметтік қорғау, қамтамасыз ету.

**Міндеті:**

1. Оқушылардың қызығушылықтар мен қажеттіліктерін, кездесетін қиындықтар мен мәселелерді, тәртібіндегі олқылықтарды, әлеуметтік ортаға бейімділігі және әлеуметтік қорғау деңгейін анықтау;
  2. Әлеуметтік көмек пен қорғаншылықты қажет ететін оқушыларға уақытымен әлеуметтік көмек көрсету;
  3. Оқушылар мен отбасы, орта, әлеуметтік қызметтерімен байланыста болу;
  4. Оқушылардың құқықтары мен тұлға бостандығын қорғау;
  5. Оқушылардың мектепте, жанұясында, қоршаған ортада тұлғасына қауіпсіздік пен психологиялық жайлы жағдай жасауына көмектесу;
- Алдыға қойған мақсат пен міндеттерді орындау мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

**I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу бағыты бойынша:**

-Тамыз-қыркүйек айларында жаппай оқу айлығы бойынша мектеп оқушыларының ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жетім, әлеуметтік көмек алатын білім алушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында осы анықталған әлеуметтік жағдайлары бар білім алушылардың үйлері араланып зерттеу актілері жасалды. Сонымен қатар мектептің әлеуметтік паспорты дайындалды.

Тамыз-қыркүйек айларында дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты жетім балалармен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы отбасылардан шыққан отбасы балаларын қолдау болып саналады. Осыған орай мектеп ұжымының мұғалімдері және еліміздің азаматтары белсене ат салысып, нәтижесінде 52762 теңге көлемінде ақшаға аса мұқтаж оқушыларға канцелярлық заттар оқу құралдары сатып алынып берілді.

Атап айтсақ, Бауыржан Мұхамедәли 7 «Ә» класс оқушысы аз қамтылған отбасының баласына 5000 теңге көлемінде оқу құралдары сатып алынып берілді. Мектеп ұжымының демеушілігімен мектебіміздің 2 класс оқушысы Қитарова Гүлсезімге 7300 теңге көлемінде ақшаға оқушыға футболка және жазғы аяқ киім сатып алынып берілді.

Мектебімізде оқитын қамқоршылықтағы 5 оқушыға Вивчарский Вильгасим 3 класс , Вивчарский Михаил 10 класс , Зинаров Нурбек 6 класс , Лепилова Доминика 3 класс және Вивчарский Никита 6 класс оқушыларына 5560 теңге көлемінде оқу құралдары алып берілді .Аз қамтылған отбасының баласы 3 класс оқушысы Файруллина Аделинаға 12000 теңге көлемінде ақшаға мектеп ұжымы киім кешек алып берді.

№ 19 орта мектебінің мұғалімі Какенадзе Светлана апай өз қаражатына оқу құралын аса мұқтаж отбасының балалары Қайымхан Алмас 2 «Ә» және Қайымхан Жақсылық 4 класс оқушыларына оқу құралдарын алып берді.

Ақтөбе қаласының өңірлік палатасының атқарушы округінің жеке сот орындаушылары Т.Ә.Әлмұқанов және Н.С.Саламов 20.000 теңге көлемінде ақшаға көпбалалы ,аз қамтылған отбасының балалары Приходченко Михаил 4 класс және Приходченко Петр 4 класс оқушыларына оқу құралдарын сатып алуға көмектесті.

Тәрбие ісінің орынбасары Аяпбергенова Светлана Муратовна және әлеуметтік педагог Айсауыт Жамбыл Көпжасарұлы мектебімізге жаңадан келген атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының баласы 1 «А» класс оқушысы Басырбаева Миланаға /Серикова деп тегі өзгертілді / 2902 теңге көлемінде оқу құралын алып берді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай АҚ Сбер банк ЕБ қамқорлығымен қалалық білім бөлімі ұйымдастырған «Мектепке жол » Республикалық акциясы аясында мектебімізде оқитын жетім, аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын көп балалы отбасының 7 оқушысына атап айтсақ

- 1.Бекет Нұрмахаммед- 1 класс оқушысы жартылай жетім , аз қамтылған көпбалалы отбасының баласы.
2. Нұрлан Асылайым- көп балалы отбасының баласы
- 3.Қитарова Гүлсезім - 2 класс ,атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының баласы.
- 4.Гадылова Ардана- 2 класс оқушысы , атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының баласы.
- 5.Нұрболқызы Бибіфатима- 3 класс, аз қамтылған, көп балалы отбасының баласы.
- 6.Орынбасаров Мадияр- 4 класс оқушысы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының баласы.
- 7.Вивчарский Вильгасим- 3 класс оқушысы, жетім, қамқоршылықтағы бала.Осы жоғарыда аталған оқушыларға салтанатты түрде рюкзак және оқу құралдары тарту етілді.

Қыркүйек айының 16-нан бастап мамыр айының 25-іне дейін жүзеге асты. Мектеп асханасынан әлеуметтік санаты бар білім алушылар үшін тегін және жеңілдетілген ыстық тамақ ұйымдастырылды. Мектеп бойынша қыркүйек айында 85 білім алушыға , мамыр айында 89 білім алушы ыстық тамақпен қамтылды. Ыстық тамақпен қамтылған білім

алушылардың құжаттары жинақталып , рәсімделді.Тұрмыстық-зерттеу актілері жасалып , мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

## **II.Бала құқығын қорғау жұмысы бойынша:**

Қазан-қараша айларында оқушылардың әлеуметтік ортасын диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында мектеп психологтарымен бірге сауалнамалық сұрақтар алу ұйымдастырылды.

Сабақтан көп қалатын , үлгерімі төмен отбасы білім алушылардың үйлерін аралап , түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Мысалы: 8 «Б»класс оқушысы Павловский Максимнің тұрмыстық жағдайы зерттеліп , мектеп психологымен бірлесе отырып оқушымен бірқатар жұмыстар жүргізілді.

8 «В» класс оқушысы Епифанов Тимурдің үйіне барып , анасымен сұхбат жүргізіп , баланың тұрмыстық жағдайын ескере отырып Епифанов Тимурды қамқоршылық кеңес отырысына ұсынылып, кеңес шешімі бойынша ыстық тамақ тізіміне қосылып , материалдық көмек көрсетілді.

Мектеп бойынша қамқоршылықтағы 5 жетім бала бар, олар: Бирюк Александр -5 «Г»класс оқушысы ,Зинаров Нұрбек- 6 «В» класс оқушысы, Лепилова Доминики- 3 «Г» класс оқушысы , Вивчарский Вильгасим- 3 «Д» класс оқушысы , Вивчарский Никита- 6 «Б» класс оқушысы.Осы оқушылардың үйлеріне барып , қамқоршыларымен сұхбат жүргізіп , қалалық білім бөліміндегі қамқоршылық уәкілдігіне уақытылы қажетті құжаттарды жинақтап тапсыруға өз тарапымыздан ағартушылық- түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Қалалық білім бөлімі тарапынан мектептегі арнайы кластардағы балалармен бірқатар жұмыстар атқарылды. Алға ауданына қарасты «Бестатамақ» ауылында орналасқан «Күншуақ» сауықтыру лагеріне мектеп бойынша бала жіберілді.Олар: 6 класс оқушылары- Асылбекұлы Әбілмансұр , Загалка Вадим , Нажмадинов Ибрагим, Муминов Эльдар, 7 класс оқушысы- Буданцева Юлия , 5 класс оқушысы- Булатов Исаак.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша әлеуметтік санаттағы 10 бала қала сыртындағы лагерьмен қамту жоспарланып отыр.Олар:

Зинаров Нұрбек- жетім , 6 «В» класс оқушысы , атаулы көмек алатын білім алушылардан: Калмурзаев Абылайхан / 5 «Ә» класс/ мен Калмурзаев Мирасхан / 6 «Ә» класс / , Данимов Медина /6 «Ә» класс/ мен Данимов Мәди / 4 «А» класс/ , Жолдығали Диана / 2 «Ә» класс / , Еременко Алексей / 2 «Б» класс/ , Жұмаш Кәусар /4 «Ә» класс/ , Жұмаш Әсел / 2 «А» класс/ , Сейтова Мадина / 7 «А» класс / . 2 оқушы шатырлы лагерьмен қамту жоспарланып отыр. Олар: Павловский Александр /4 «В » класс/ , Авдеев Наиль / 3 «Г» класс. 50 бала мектеп жанындағы лагерьмен қамту жоспарланып отыр.

## **III.Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс бойынша:**

Қазан айында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын -алу бойынша құқық қорғау орталығының қызметкерлерімен

«Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша» 9-11 класс оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қараша айында сәтсіз отбасындағы отбасындағы оқушылардың / Епифанов Т., Авдеев Н./ тұрмыстық жағдайын бос уақытын қадағалау мақсатында мектеп инспекторымен әлеуметтік педагог Ж.Айсауыт пен психолог Ш.Т.Ахмет рейд жүргізді.

Қараша айының 15-20 аралығында аз қамтылған отбасы білім алушыларының үйлерін аралап рейд жүргізілді.

Желтоқсан айында «Қылмыс және жасөспірім» тақырыбында психологиялық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында «Қақтығыс және оның шығу жолдары» тақырыбында құқық қорғау қызметкерлерімен бірге түсіндірме-ағартушылық жұмыстары өткізілді.

Ақпан айында «Қылмыс пен жаза» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

#### **V.Білім алушылардың ата-аналарымен / отбасыларымен/ профилактикалық жұмыс бойынша:**

22 желтоқсан күні мектепте «Қамқоршылық күніне» арналған мектепшілік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Ақпан айының 01-11 аралығында «Шығармашылық пен махаббат педагогикасы» тақырыбында аясында 10 ақпан күні мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияда білім алушыларды мейірімділікке, қарапайымдылыққа, адамгершілікке ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында үйден оқитын 8 білім алушыларға балаларға арналған қызықты әдеби кітаптар тарту етілді.

Атап айтсақ: 7 класс оқушысы Әбдіханитов Нураслан, 9 класс оқушылары Исакова Ангелина мен Климова Виктория, 5 класс оқушысы Горбачев Виктор, 1 класс оқушысы Сарин Ислам, 4 класс оқушысы Мұратұлы Ықылыс, 8 класс оқушылары Жалгасова Маймуна мен Михайлюк Михаил.

2021-2022 оқу жылының атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша алдағы оқу жылына төмендегідей ұсыныстар ұсынылады:

1. Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;

2. Өзара қарым-қатынаста, оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;

3. Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу

2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе алдағы 2022-2023 оқу жылында төмендегідей мақсат пен міндеттер қоямыз:

**Мақсат:** Әр тұлғаның психология-медико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау

**Міндеттер:**

- Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету;
- Өзара қарым-қатынаста, оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу;
- Баланың жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау;
- Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізу;
- Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу;
- Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқушылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;
- Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;
- Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу;
- Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістемесін анықтау;